



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы қабылданған 4 жыл ішінде 123 мың іс-шара өткізілді, демеушілік қаражат есебінен 7000 әлеуметтік нысан салынды

Болат КАБДУШЕВ,
Ғұмарбек Дәукеев атындағы
Алматы энергетика және байланыс
университетінің «Рухани жаңғыру»
жобалық кеңесінің жетекшісі.

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мемлекеттік бағдарламаны іске асыру бойынша жұмысты ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше ретінде 2019 жылдың күзінде қызметіне кірісті.

2019-2020 оқу жылының екінші жартысынан бастап студенттердің онлайн қашықтан оқуына байланысты, жағдайға бейімделе отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында университет көлемінде көптеген іс-шаралар атқарылып келеді.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

2017 жылдың 12 сәуірінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарық көрді.

Жұмысты үйлестіру бағытында 2018 жылы «Рухани жаңғыру» қоғамдық даму институтының коммерциалдық емес акционерлік қоғамы құрылды. Ал 2019 жылы Қазақстанның он төрт облысы мен республикалық маңызы бар қалаларында «Рухани жаңғырудың» жобалық кеңселері ашылды.

Мәселен, Әлеуметтік пәндер кафедрасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бәйге жариялады. Пандемия жағдайында үйлерінде қашықтан оқып жатқан студенттерге «Туған жер», «Ел жадындағы көрнекті есімдер», «Қасиетті киелі жерлер» жобалары аясында туған өлкесінің тарихын баяндайтын зерттеулер жазып жіберуді ұсынды. Олар тапсырманы ерекше қызығушылықпен орындап, 50-ге жуық студент конкурсқа «Туған жердей жер болмас...» деген рухта жазған жұмыстарын жолдады. Ең үздік жұмыстар университет сайтында жарияланды.

2021 жылдың I ақпанынан «Рухани жаңғыру» кеңесінің жұмыс құрамы толығымен қайта жаңғыртылды. Университетіміздің «Рухани жаңғыру» жоспары қайта қаралды, кеңсе қызметкерлерінің құрамы сапалық жағынан қайта жасақталып, кәсіби мамандар тартылды. Университет пен Алматы қалалық «Рухани жаңғыру» кеңесі арасында меморандум жасалып, уағдаластыққа қол қойылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жастар арасында кең насихаттау үшін студенттер қатарынан көшбасшылар қалыптастыратын орта белгіленді, тәжірибелі оқытушы-профессорлар тарапынан сарапшылар тізімі қарастырылды. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыру бойынша қазақ тіліндегі оқулықтармен жұмыс жасау үшін профессорлық-оқытушылық құраммен әдістемелік семинар өткізу жоспары жасалды.

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен қазақ тіліне аударылған 100 жаңа оқулықтардың барлығы жоғары оқу орнының ақпараттық-кітапханалық кешеніне келіп түсті. Философия, әлеуметтану, психология, дінтану және мәдениеттану, тарих, антропология бойынша оқулықтарға Әлеуметтік пәндер кафедрасының ай сайын өтетін әдістемелік семинарында талдау жасалады. Шетелдік авторлар туындыларының тиімді және әлсіз тұстары турасында семинар өткізіміз.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының нәтижелері және отандық тарих ғылымын пән ретінде оқытудың бүгінгі міндеттері» тақырыбында 2021 жылы 25 ақ-



панда онлайн форматта «дөңгелек үстел» ұйымдастырдық. Оған тарих ғылымының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры, Орта Азиялық дәстүрлі өркениеттерді зерттеу орталығының директоры, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының құрметті академигі Талас Омарбеков, тарих ғылымының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі Мәмбет Қойгелдиев, тарих ғылымының докторы, Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры, «Рухани жаңғыру» ғылыми орталығының жетекшісі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі Хангелді Әбжанов, «Қазақ тарихы» журналының бас редакторы Әбілдабек Салықбай қатысып, баяндамалар жасады, өзара пікір алмасылды.

Биылғы наурыз айында қазақ тіліне аударылып, жарық көрген философия пәнінен әлемнің 100 үздік оқулығы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған жиынға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессор-оқытушылары мен ҚР ҰҒА философия, саясаттану және дінтану институтының ғалымдары қатысып, оқулық төңірегінде құнды мәселелер көтерілді. Мемлекет қыруар қаржы бөліп аударылған оқулықтар оқу жоспарларына толық енгізіледі деп жоспарлануда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Латын графикасына көшу – әлемдік өркениетке бастар жол» атты «дөңгелек үстел» өтті. Оған Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының белді қызметкер-ғалымдары Дана Пашан және Нәзира Серікқызы, т.б. қатысып, латын графикасына негізделген ұлттық әліпбидің талаптары туралы жан-жақты баяндап берді.

«Ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауы тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын» деп Елбасы айтқандай, «100 жаңа есім» жобасы бойынша деректер жинау жұмысы жалғасуда. Бұл ретте институтта қызмет жасайтын немесе осы оқу орнын тәмамдап, белгілі бір жетістіктерге қол жеткізген түлектерді де назарға алуға маңыз беріліп отыр.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Оңтүстік мегаполистің жоғары оқу орындарында жұмысты үйлестіру мақсатында Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының алты бағытын қамтитын студенттердің танымдық-зерделу жұмыстарын да жүргізу қолға алынған. Жыл сайын «Ұлы Отан соғысы менің отбасымның тарихында» атты қалалық конкурс өткізіп жүрміз, биыл бұл жоба республикалық дәрежедегі студенттік конкурс деп жарияланды. Студенттердің осы бағыттағы зерттеу-шығармашылық

жұмыстарын жинақтап, көлемі 12 баспа табаққа жететін жеке электронды жинақ жасап қойдық. «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» жобасы бойынша да студенттердің зияткерлік «Парасат» клубының шеңберінде еліміздің көрнекті тұлғаларымен кездесулерді тұрақты өткізіп келеміз. «Рухани жаңғыру» аясында «Парасат» зияткерлік клубының шығармашылық жолы» атты кітап-альбом басылып шықты.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Рухани жаңғыру» алты бағыт бойынша жүзеге асырыла бастады: «100 жаңа оқулық», «Туған жер», «Киелі Қазақстан», «Қазақстанның жандандық әлемдегі мәдениеті», «Латын әліпбиіне көшу» және «100 жаңа есім». Бұл негізгі бағыттарды жүзеге асыру үшін бес жылдық бағдарлама қабылданып, елімізде миллиондаған іс-шаралар ұйымдастырылды.

Биыл Алматы қоғамдық даму басқармасы КММ «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің директоры Г.К. Коңырованың қолдауымен «Туған жер», «Қазақстанның рухани киелі жерлері», «Қазақстанның сакралдық географиясы», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Ауыл – ел бесігі» атты тақырыптар бойынша республика жоғары оқу студенттері мен магистранттарына арналған студенттік жұмыстары конкурс жариялады. Жақын арада 20 сәуірге дейін қабылданған жұмыстардың жалпы қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталады. Сапасына қарай жинақ шығаруды да жобаладық. Сонымен қатар, университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы «Рухани жаңғыру»: ұлт сапасы және білім беру» атты халықаралық-ғылыми практикалық конференцияға, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты «дөңгелек үстелге», Қазақстанның 7 томдық тарихын жазуға байланысты жиындарға қатысты.

«Рухани жаңғыру» бағытында университетімізде атқарылған шаралар мен профессор-оқытушылар құрамының баспасөзде, әлеуметтік желілердегі құнды ой-толғамдары, пікірлері, ғылыми-танымдық, талдамалық мақалалары негізінде жинақ шығару жобасын бастадық. Биыл «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тақырыбында «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін тереңдетіп оқыту мақсатында студенттерге арналған екі оқу құралын енгіздік. Олар: «Рухани жаңғыру»: Киелі Қазақстан – тарихи таным мен санадағы серпіліс нышаны («Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсы бойынша) және «Рухани жаңғыру»: сакралдығы мекте Қазақстан – духовные истоки казахов» оқулықтары.

Міне, «Рухани жаңғыру» бағдары аясында атқарылып жатқан жұмыстарымыз осындай. Жобалық кеңесіміздің бұл бағыттағы жұмысы алдағы уақытта да жалғасатын болады.

Халық саны өсті



Рая
ЕСКЕНДІП

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы жағымды жаңалығымен бөлісті.

2021 жылдың I наурызындағы есеп бойынша еліміздегі халықтың саны 18 917,2 мың адамға жеткен. Олардың 11 187,2-і (59,1 пайызы) қала халқы болса, 7 730,0 мыңы (40,9 пайызы) ауылда тұрады.

Жалпы, өткен жылмен салыстырғанда еліміздегі халық саны 245,3 мың адамға, яғни 1,3 пайызға өскен.

Жұмысқа қабылдауға дайын



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қала нарығында IT-мамандары мен білім және денсаулық сақтау сала мамандары сұранысқа ие болып отыр. Пандемия кезіндегі сұранысқа ие мамандар тізімін Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Диляра Иманқұлова жариялады.

Тізімде мегаполис кәсіпорындары мұқтаж жұмысшы мамандықтары бар. Орталық директорының айтуынша, пандемия кезінде көптеген алматылықтар тұрақты дамып келе жатқан және жалақысы жоғары АТ-салаларында жұмыс істеуге ұмтылады екен. Оған көптеген ұйымдардың қашықтан жұмыс істеу режиміне ауысуы әсер етуі мүмкін. Білім беру мен денсаулық сақтау саласының мамандарына да сұраныс артаған. Сонымен қатар, қалаға құрылысшылар, дәнекерлеушілер, монтажшылар, сылақшылар, тігіншілер, бухгалтерлер, шаштараздар, курьерлер, техникалық қызметкерлерге қызмет көрсететін күзетшілер қажет.

«Еңбек» бағдарламасы бойынша қала тұрғындарын оқытуға және жұмысқа орналастыруға, кейіннен өз ісін ашу мақсатында грант алу үшін «Бизнес Бастау» жобасына қатысуға көмектесуге мүмкіндігіміз бар», – деді Диляра Иманқұлова.

Жұмыспен қамту орталығының спикері экономистер мен заңгерлерге жұмыс табу қиын екенін атап өтті. Алайда, осы мамандықтар түлектерінің «Жастар тәжірибесі» бағдарламасының арқасында тәжірибе жинау мүмкіндіктері бар. Алматының 500 ұйымы жоғары оқу орындарының, арнайы оқу орындары мен кәсіптік лицейлер түлектерін жұмысқа қабылдауға дайын.

Пандемия еңбек нарығы үшін жұмыс процесстерін қайта құру қажет екенін ұқтырды. Сондықтан қала тұрғындарының сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарын үйренуге мүмкіндіктері бар. Ол үшін Жұмыспен қамту орталығына жүгіну қажет. Орталықтан оқу, жұмысқа орналасу туралы толық ақпарат ала алады.

Әлеуметтік көмек

I сәуірдегі жағдай бойынша 135,7 мың отбасындағы 683,4 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Бұл туралы Елбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Атаулы әлеуметтік көмек отбасының әрбір мүшесіне жан басына шаққандағы орташа табысы өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан төмен азаматтарға тағайындалады.

Бұдан басқа, еліміздің барлық өңірінде табысы аз отбасылардың мектеп жасына дейінгі балаларын кепілдік берілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетігін іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады.

2021 жылғы I сәуірде АӘК алушылар қатарындағы I жастан 6 жасқа дейінгі 162,4 мың балаға азық-түлік пен тұрмыстық химия жиынтығы түрінде әлеуметтік топтама тағайындалды.

105,4 мың отбасындағы 519,4 мың қазақстандыққа 2021 жылғы I тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мемлекеттік инстанцияға жүгінбей-ақ автоматты түрде ұзартылды. АӘК алушыларға бұдан бұрын, 2020 жылғы II, III және IV тоқсанда ТЖ режимі мен карантиндік шектеу шараларының қолданылуына байланысты көмек тағайындауға өтініш ұзартылған болатын.